

Н. Ахтаева*Марғұлан университеті**Павлодар, Қазақстан* <https://orcid.org/0000-0001-7004-4015>*e-mail: nagibek78kz@gmail.com***А. Қабыкен***Марғұлан университеті**Павлодар, Қазақстан* <https://orcid.org/0009-0008-5895-9771>*email: kabyken_aziza@mail.ru*

ЕРТЕГІЛЕРДІ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУДАҒЫ ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТ

Аңдатпа. Мақала аударманың, оның ішінде ертегілерді аударудың, прагматикалық аспектілеріне көңіл аудартады. Прагматика тіл мен оның қолданушысы арасындағы қарым-қатынас пен оның әлеуметтік контекстін зерттейтін сала болып есептеледі. Аударма үдерісінде прагматикалық аспектілерді ескеру ерекше маңызды. Себебі аударма тек сөздердің мағынасын дұрыс жеткізу ғана емес, сонымен қатар мәдени, әлеуметтік және тілдік ерекшеліктерді сақтауды қажет етеді. Мақалада аударма іліміндегі ұлттық мәдениет пен арнайы жағдайларға байланысты оқырманның қабылдауына қатысты мәселелер талданды. Атап айтқанда, қазақ тілі аудармаларындағы сөз таңдау, ұлттық ерекшеліктерді жеткізу арқылы ертегінің түпнұсқа мағынасын қалай сақтауға болатындығы зерделенеді. Мақала авторлары аударма мен прагматикалық аспектінің өзара байланысын түсінуге жетелейді. Әсіресе ертегілердің ұлттық ерекшеліктеріне аса мән беріп, олардың басқа тілдерден аударылу деңгейіне қатысты оң көзқарас тудырады. Аударма барысында прагматикалық аспектілерге сүйену тек тілдік құралдардың таңдауымен шектелмейді. Қайта оның әлеуметтік және мәдени қолданымдағы ерекшеліктерін алдыңғы орынға шығарады. Ертегілердің аударылу барысындағы бастапқы мағынасын жоғалтпай, жаңа аудиторияға жеткізілуіндегі қажеттілік сараланады. Сондықтан да мақала тұжырымдары аударма теориясының прагматикалық тұрғыдан дамуына алып келеді, әрі ертегілердің тіл мен мәдениет арасындағы қарым-қатынасты түгендеуге бағытталғанын көрсетеді.

Түйінді сөздер: аударма, ертегі, прагматика, сөйлеу актісі, тілдік таңба

Мүдделер қақтығысы:

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Мақаланың тарихы:

Түскен мерзімі: 09.04.2025

Баспаға қабылданған мерзімі: 23.05.2025

Кіріспе

Прагматикалық үдеріс әр түрлі ғалымдардың зерттеу бағыттарына сәйкес тиянақталып отырған. Мәселен, ағылшын тіліндегі зерттеулерде модальділіктің прагматикалық категориялармен үндестігі алға тартылады: «Бұл тәсіл модальділіктің прагматикалық категориялармен, яғни коммуникацияның төрт негізгі факторымен (сөйлеуші (адресант), сұхбаттасушы (адресат), айтылым мазмұны және объективті шындық) өзара әрекеттестікте қарастырылған» (Mukhtarullina, 2024, p. 323). Демек, модальділік пен прагматика категориялары сөйлесімнің төрт түрлі негізгі фактормен үндеседі.

Қазақ тіл білімінде прагматиканы тілдік белгілердің қызметін зерделейтін тілтанымдық бағыт ретінде сипаттау жиі кездеседі. Бұл тұрғыда А. Салқынбай мен Е. Абақан аталмыш терминді тіл бірліктерінің коммуникативтің қызметін зерттейтін дербес сала ретінде қарастырып, «прагматика – семиотика мен лингвистика саласы», – деп береді (Салқынбай, Абақан, 1998, б. 165). Ал Ф. Жақсыбаеваның көзқарасы бойынша, прагматика – тіл арқылы жеткізілген ой мазмұнын, сондай-ақ тілдік таңдау арқылы көрініс табатын мағыналық және бағалауыштық қатынастарды саралауға бағытталған ғылым саласы. Зерттеу барысында америкалық философ Р. Столнейкер мен отандық ғалым Қ. Кенжеқанованың пікірлері арасындағы теориялық үндестік байқалды. Қос авторлар да прагматиканы сөйлеу актілерін зерттейтін сала ретінде ұсынады. Аталған еңбектердің ғылыми-теориялық қызметі жоғары екені сөзсіз (Жақсыбаева, 2000; Столнейкер, 1985; Кенжеқанова, 2015).

Ғалым Г. Аманбаеваның пікіріне сүйенсек, ««прагматика» термині тілдік белгілердің мақсатты қолдану механизмін де, оны сипаттаудың тиісті аспектілерін де қамтиды» (Аманбаева, 2019, б. 29). А. Әлкебаеваның пайымдауынша, прагматиканың зерттеу нысаны тек тілдік таңбалардың әртүрлі деңгейлерін қамтып қоймайды, сонымен қатар сөйлеу әрекетінің барлық коммуникативтік параметрлерін кешенді түрде талдауға негізделген (Әлкебаева, 2007, б. 30). Ғалым прагматиканың зерттеу өрісіне коммуниканттардың бір-бірімен өзара қатынасы, сондай-ақ мәтіннің жазбаша немесе ауызша үлгідегі мазмұны, тілдесім ниетінің, сұхбат жағдайының өзара байланысы да енетінін атап көрсетеді. Демек, прагматикалық зерттеулер тілдік бірліктердің қызметін контекстпен, сөйлеу жағдаятымен және сөйлеуші мен тыңдаушының коммуникативтік қатысымдарымен сабақтастыра қарастыруды негізге алады (Әлкебаева, 2007, б. 30).

Ғалым З. Ерназарова семиотиканы семантика, синтаксис, прагматика сынды үш салаға бөледі. Ізденуші «...прагматикалық аспект – көзге көрінбей, контекст арқылы ғана анықталмайды, ол – тілдің негізгі сипаттарының бірі. Прагматикалық аспект сөз мәні, грамматикалық формалар мен синтаксистік құрылым түрлерінен көрініс табады», – дей келіп, прагматикалық аспектін сөйлеудің ажырамас бөлігі ретінде танытады (Ерназарова, 2002, б. 10).

Прагматика сөзі грек тілінен аударғанда (pragmatos) іс-әрекет деген мағынада ұғынылады. Бұл терминді Ч. Моррис XX ғасырдың I жартысында белгілер туралы ғылымды синтактика, семиотика, прагматика шеңберінде жеткізді: «Семиотика прагматика, синтаксис және әсіресе семантика салаларында ұқсастыққа негізделген (аналогиялық) құрылым ретінде пайда болды» (Morris, 1971, p. 9). Осыдан барып, ғылымда прагматика семиотиканың бөлімі ретінде танылып, белгілер мағынасының кімге, қандай жағдайда бағытталғанын түсіндіретін тұжырым орнықты. Яғни, тілдік бірліктердің қолданылу шарттары мен сөйлеу актілерін зерттейтін прагматика саласы. Ал прагматикалық аспект сөздің қолданылу контекстіне қатысты тілдік бірліктердің мағынасын, қолдану барысындағы прагматикалық жағын, контекст

пен коммуникативтік жағдайға байланысты мағынасын қарастыратын бағыт. Прагматикалық ұстанымға келсек, бұл белгілі бір прагматикалық мақсатқа жетуге бағытталған сөйлеушінің тактикасы, стратегиялық немесе қарым-қатынасқа деген көзқарасы.

Материалдар мен әдістер

Мақалада теориялық тұрғыдан мол танымға ие және кез келген халықтың сөздік құрамын түгендеуде басты байлық болып саналатын лингвистикалық аударма және түсіндірме сөздіктер, прагматикалық үдерісті тиянақтаған ғылыми еңбектер пайдаланылды. Диссертациялық және монографиялық жұмыстардың қазақ тіл біліміндегі нұсқалары басым болғанымен, отандық ғылыми зерттеулерден тыс, әсіресе алыс шетелдік ғалымдар тұжырымдары ескеріліп отырды.

Салыстыру әдісі арқылы зерттеу материалы ретінде алынған ертегілердің түпнұсқалары мен олардың қазақ тіліндегі аударылымдары талданды. Осының нәтижесінде Дж. Барридің «Питер Пэн» (Барри, 2022), Х. Андерсеннің «Ескі үй», «Бір ананың өмірі», «Бақытты отбасы» атты ертегілерінің танымал нұсқаларын салыстыру мүмкіндігі туды (Құрманғали, 2009). Талдау әдісі аударылған және түпнұсқалы мәтіндер арасындағы тілдік, мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерді айқындауға алып келді. Мақаладағы салыстырылған мәнмәтіндерді жинақтау әдісі аударма үдерісінде таңдалған сөздер мен тіркестердің прагматикалық мәнін, олардың контексте қалай қолданылғанын зерделеуге көмектесті. Талдау-жинақтау барысында мәтіннің мәдениетаралық сәйкестігі мен оның тілдік құрылымдағы өзгерістері анықталды.

Нәтижелер және талқылау

Ертегілер – халық ауыз әдебиетінің ең көне және кең тараған жанры. Олардың басты мақсаты немесе мазмұны ретінде адамзат баласының өмір мен қоғамды түсінуін, рухани құндылықтарын, мәдениетін, әлемді қабылдау тәсілдерін бейнелейтін ерекше мәтіндер саналады. Ертегілердің мазмұны мен тақырыптары түрлі мәдениеттерде әрқилы болғанымен, олардың әмбебап мәні мен жалпы адами құндылықтары бірдей. Ал аударма үдерісінде ертегілерге тән ерекшеліктерін сақтай отырып, олардың түпнұсқа мағынасын жеткізу – өте күрделі әрі жауапты міндет. Аударма ісі тек сөздерді басқа тілге көшіріп қоюдан тұратын жүйе емес. Аудармашы мәтіннің мәдени контекстін, тілдік ерекшеліктерін, әлеуметтік және прагматикалық элементтерін де ескеруі қажет. Прагматикалық аспектілерді аударма жүйесінде ескеру аударылатын мәтіннің мағынасын толық және дәл жеткізу үшін аса маңызды. Сондықтан, прагматика аударматанудың маңызды аспектілерінің бірі ретінде қарастырылады. Өйткені ол коммуникацияның контексті мен мақсатынан басқа, мәдени-әлеуметтік ерекшеліктерін, функционалдық стиль мен мәтін жанрын да ескеруді талап етеді. Мұндай прагматикалық ұстанымдар аударма үдерісінде түпнұсқа мәтіннің семантикалық мазмұны мен идеялық мәнін дәл әрі адекватты жеткізу үшін негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл ретте Ө. Тарақов аудармадағы прагматикалық аспектіні былайша сипаттайды: «Аударма рецепторына қалауынша ықпал етуге ұмтылыс прагматикалық аспект немесе аударма прагматикасы деп алалады» (Тарақов, 2016, б. 81). Аударманың прагматикалық өлшемі тек лексикалық бірліктердің прагматикалық мағынасын жеткізумен шектелмейді. Л. Бархударовтың пайымдауынша, бұл аспект аударма

барысында жалқы есімдер, географиялық атаулар, мәдени-тұрмыстық реалийлер мен лакуналарды қамтитын баламасыз лексиканы трансформациялауда да айрықша маңызға ие (Бархударов, 1975). Сонымен қатар, ғалым Ж. Жақыпов аударма ұғымын көпқырлы семантикалық құрылым ретінде қарастырады. Ол аударманы, бір жағынан, «бір тілді екінші бір тілде сөйлету үдерісі» ретінде, екінші жағынан, «осы тілде айтылғанның/жазылғанның келесі тілге қалай жеткенін, яғни іс-әрекеттің нәтижесін, өнімін білдіретін» құбылыс ретінде сипаттайды (Жақыпов, 2004, б. 12).

Аударманың прагматикалық қырларын зерделеуде неміс лингвисті А. Нойберттің ғылыми тұжырымдары маңызды орын алады (Нойберт, 1978, б. 174). Ғалым аударма барысындағы прагматикалық қатынастардың төрт типін көрсетеді. Бірінші типке бастапқы және аударма тілдеріндегі рецепиенттердің қажеттіліктері мен мүдделері сәйкес келетін мәтіндер жатқызады. Мұндай мәтіндерге, әдетте, жарнамалық материалдар мен ғылыми-техникалық әдебиеттер кіреді. Екінші типке тек бастапқы тіл рецепиенттерінің мүддесін көздейтін, олардың тілден тыс біліміне негізделген мәтіндер (мысалы, жергілікті мерзімді баспасөз, заңнамалық құжаттар, қоғамдық-саяси және экономикалық әдебиеттер) енеді. Үшінші тип ұлттық сипаттарды қамти отырып, сонымен бірге жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген көркем әдебиетті қамтиды. Ал төртінші тип – нақты бір мақсатты аудиторияны ескере отырып, аударма жасау үшін арнайы дайындалатын мәтіндерге (мысалы, шетелдік оқырмандарға арналған әдебиет) тән сипат (Нойберт, 1978, б. 174). Аталған классификация шеңберінде ертегілер мәтіннің үшінші типіне жатқызылады. Өйткені фольклор тек әдеби жанр ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениеттің айқын көрінісі болып табылатын сөз өнерінің ерекше түрі ретінде сипатталады.

Қазіргі уақытта көркем аудармаға қатысты зерттеулерде оның психологиялық аспектілерін әлеуметтік сұраныс тұрғысынан зерделеу белсенді жүргізіліп келеді. Бұл үрдіс көркем мәтінді қабылдаудағы оқырманның эмоциялық және когнитивтік қажеттіліктерін ескеруге негізделген. Аталған бағытта психологиялық бейімделудің маңызын нақты мысал арқылы дәлелдеген зерттеуші – А. Шадина. Ол Оскар Уайльдтің «Портрет Дориана Грея» романын қазақ тіліне аудару үдерісін зерттей келе, респонденттердің жауаптарына сүйене отырып, аудармада кейіпкерлердің ішкі психологиялық болмысын жеткізудің маңыздылығына ерекше назар аударады. Ғалымның пікірінше, «Психология – әдеби әлемнің ажырамас бір бөлігі. Кез келген көркем шығармадағы әр кейіпкердің өзіне тән ішкі әлемі, мінез-құлқы, уайымы мен мақсат-мұраттары болады» (Shadina, 2024, p. 107). Бұл көзқарас көркем аударманың тек тілдік қана емес, психологиялық дәлдікті де талап ететінін айғақтайды. Демек, қазіргі аударматану саласында психологиялық прагматика – мәтіннің шынайылығын, көркемдік тұтастығын сақтауда маңызды рөл атқарады. Прагматикалық тұрғыдан алғанда, «көркем мәтінде адресатқа бағытталған әсер жанама жолмен, яғни адресанттың немесе баяндаушының медиативтік рөлі арқылы жүзеге асады» (Bashirova, 2021, p. 80).

Жалпы ертегілерді тәржімалау жүйесі ұлттық-мәдени ерекшелікті ескеріп аударуды қажет етеді. Сол қажеттілікті таныту мақсатында «Питер Пэн» (Барри, 2022) ертегісін талдауды ұйғардық. Ертегіні қазақ тіліне Г. Исмағұлова аударған. Түпнұсқа авторы – Дж. Барри. Шотланд жазушысының бұл ертегісі 1911 жылы жарық көрген. Ертегі желісі Neverland елінде өтеді. Бұл ойдан шыққан ел. Ағылшын тілінен тәржімалағанда *never* – *ешқашан*, *land* – *жер*, *ел*. Қазақ тіліне «Жұмбақжер»

деп аударылуының өзі ұлттық-мәдени ерекшеліктің көрінісі. Қазақи таным бойынша *жұмбақ* сөзі тек «жасырын айтатын, шешуін табатын» ойын түрі ғана емес. Бұл сөздің мәдени-семантикалық мағынасын *тылсым, беймәлім, сырға толы, танылмаған, құпия құбылыс* деген қырынан тарқатуға болады. Ішкі мәні терең, ойға салмақ түсіретін, шешуін табуға жетелейтін мағыналық қырымен жалпыхалықтық сипат алған аталмыш сөз «Жұмбақтас», «Жұмбақ әлем» қолданысының жалғасы іспеттес. Екінші жағынан, балалар қиялындағы әлемнің «жұмбақ» болуының өзі қазақ дүниетанымы үшін орынды. Мәтінге назар аударсақ:

She explained in quite a matter-of-fact way that she thought Peter sometimes came to the nursery in the night and sat on the foot of her bed and played on his pipes to her (Barrie, 1991) – ...оның айтуынша Пүтер кейде түн ішінде балалар бөлмесіне келіп, мұның төсегінің шетіне отырып, *сыбызғысын* тартады екен (Барри, 2022, б. 14). Алынған мысалдан аудармашының шеберлігі байқалады. Ағылшын тіліндегі *pipes* сөзін *түтік* күйінде тура аударма салмай, қазақ танымына сәйкестендіріп *сыбызғы* деп алған. Үрмелі аспаптың ең көне түрін таңдау арқылы алмастырылу тәсілі орынды пайдаланылған. Қазақ оқырманына түтік қалпында берілсе, түсініспеушілік орын алар еді. Сыбызғы – қурайдан, ағаштан, кейде жезден жасалатын қазақтың үрмелі музыкалық аспабы. Қой баққан халықтың тұрмысында ерекше орын алғаны да белгілі. Осылайша аудармашы мәдени трансформация тәсілін ұтымды қолдана отырып, түпнұсқадағы мағына мен атмосфераны сақтаған. Бұл жерде *pipes* сөзі ағылшын мәдениетінде ертегі кейіпкерлерімен жиі байланысты болатын үрмелі аспаптарды меңзейді. Алайда қазақ оқырманы үшін *түтік* сөзі музыкалық аспапты емес, басқа мағынада қабылдануы мүмкін. Сондықтан аудармашының оны *сыбызғы* деп беруі ұлттық дүниетанымға сәйкес келетін, әрі мәтіннің ертегілік сипатын сақтауға сеп болатын көркем балама.

Тағы бір мысал: *The moon was riding in a cloudy heaven when Peter rose from his tree, begirt with weapons and wearing little else, to set out upon his perilous quest* (Barrie, 1991) – *Бес қаруын асынған* Пүтер жоғарыға өрмелеп шыққан кезде, ай бұлт арасында жүзіп бара жатты (Барри, 2022, б. 155). Ағылшын тіліндегі нұсқада *begirt with weapons* қаруын асынып мағынасында қолданылған. Аудармашы қазақ тіліне аудару барысында өзіміздің қазақ халқына тән бес қаруын асынған тіркесін қолданып отыр. Қазақтың бес қаруы – бұл батырлардың соғыс кезінде қолданған негізгі қарулары, олардың әрқайсысы соғыс әдісіне сай өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Бұл қарулар қазақ халқының жауынгерлік дәстүрінде маңызды орын алды, әрқайсысы жаудың түрлі шабуылына қарсы тұруға мүмкіндік берді. Бес қаруға айбалта, қылыш, садақ, найза, шоқпар жатады. Қазақ халқы үшін бес қару – батырлық пен ерліктің символы. Бес қару тек қару ретінде ғана емес, батырдың мәртебесі, оның елін қорғау жолындағы ниетінің көрінісі ретінде қабылданады. Қазақ батырларының жорыққа қару-жарағын асынып аттануы – олардың ұлттық болмысын, ерлік рухын айшықтайтын көрініс. *Begirt with weapons* жалпы жауынгердің қарумен қамтамасыз етілгенін білдіреді. Тәжімалау барысында *бес қаруын асынып* тіркесін пайдалану арқылы оқырманға нақты сурет, ұлттық дүниетаным көрінісін сипаттау арқылы жеңіл қабылдауға жол салған.

Келесі мысал: *How glad I am to see you again, dear children* (Barrie, 1991) – *О, айналайындар-ай сендердің қайтып келгендерін қандай жақсы болды* (Барри, 2022, б. 16). Ағылшын тіліндегі *dear children* мен қазақ тіліндегі *айналайын* сөздері сүйіспеншілік пен қамқорлықты білдіреді. О. Сүлейменовтің пікірі бойынша,

«Айналайын» – қазақ халқының сүйіспеншілігін, қамқорлығын, нәзік сезімдерін білдіретін, басқа тілге аударылмайтын ерекше сөз. Сүлейменов бұл сөздің ерекше күшін мойындайды, әрі оны тек қазақтың мәдениетінен шыққан сөз ретінде қабылдайды.

Г.-Х. Андерсен – көптеген ертегілер мен әдеби шығармаларды жазған әйгілі дат жазушысы. Ол әлемдегі ең танымал ертегі түзушінің бірі болып саналады. Талдау ретінде Г.-Х. Андерсеннің «Ескі үй» («Old house»), «Бір ананың өмірі» («The story of a mother»), «Бақытты отбасы» («The happy family») ертегілерін Құрманғали аудармасымен түгендедік. Аталған ертегілер жанама аударма үлгісінде қазақ тіліне енген. «Ертегі жинақтарының кейбір жанама аудармалары арқылы түпнұсқа мәдениеттің құндылықтарын таныту, тарату және қабылдату да маңызды рөл атқаратыны белгілі» (Jivanyan, 2024, p. 37). Қараңыз:

The iron railings look just like the door to an old family vault, and then they have brass tops-that's so stupid (Andersen, 1847) – Темір **таяныштар** көр лахатына кірер тесікті есіңе түсірсе, ал есіктерде үлкен мыс айыл жарқырап тұр! (Құрманғали, 2009, б. 349). Қазақша-ағылшынша сөздікте *railing* сөзі қанат деп аударылғанын байқаймыз. Мәнмәтін мағынасына қарасақ, бұл жерде басқыштың қанаты туралы айтылған. Қазақ тіліндегі аудармасында *railing* сөзіне негізгі тірек болып *таяныш* деген лексема алынған. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі *таяныш* сөзінің мағыналық реңкін былайша тиянақтайды: «Таяныш – құлап кетпеу үшін, ұстап тұру үшін жасалынған сүйеніш, тіреу. Ауыспалы мағынада арқа сүйер, тірек, сүйемел мағынасын білдіреді» (Қалиев, 2014, б. 313). Қазақ ұғымында таяныш деген киіз үйдің бір бөлігі, босағасының екі жақтауы. Аудармашы бұл жерде ұлттық-мәдени танымның бір бөлшегін пайдаланды деуге болады. Дәл осы мәнмәтінде аудармашының *tops* сөзін *айыл* сөзімен алмастырғанын көреміз. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Айыл – ер-тоқым ауып кетпес үшін көліктің бауырын шабын орап тартатын жалпақ қайыс» (Қалиев, 2014, б. 57).

Мына аудармаға да көз жіберелік: *The whole passage was hung with portraits of knights in armor, and ladies in silken gowns; and the armor rattled, and the silken gowns rustled* (Andersen, 1847) – Қабырғаларға бес қаруын түгел асынған **серілер** мен жібек көйлекті ханымдардың көне суреттері ілінген; серілердің қару-жарақтары жарқылдап, ал көйлектері судырлап тұрғандай (Құрманғали, 2009, б. 350). Қазіргі кезде *рыцарь* сөзі *сері* аударылымымен беріледі. Серілер таза, әдемі киіну, кербез, паңдық мінездерімен басқалардан оқ бойы озық тұрған. «Олар жомарттық, сақылық, білімдарлық қасиеттерімен айналасына өнеге шашатыны, тек өнер жолына беріліп, сауық құрып, аңшылық-саятшылықпен айналысып жүрген» (Хамзин, 2016, б. 17). Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Сері – ойын-сауық құрып, еркін өскен адам, сал» (Қалиев, 2014, б. 368). Қазақ әдеби сөздігінде *рыцарь* сөзін феодалды Еуропадағы әскери-дворян тобына жататын адам ретінде жинақтау бар. Е. Тұрсынов бақсы, ақын, сері және жыраудың қазақ руханиятындағы төркінін тарқатуға бағытталған зерттеуінде *сері* сөзінің көне түркі тіліндегі «чериг» сөзінен шыққанын және «әскер» мағынасын білдіретінін атап өткен. Әдебиеттанушының пікіріне сүйінсек, «Сері» сөзі алғашқыда, жасақ құрамындағы «жасақшы» немесе «жауынгер» деген мағынада қолданылған (Тұрсынов, 1999, б. 18). Біз аудармашының *рыцарь* сөзін *сері* деп аударуын ұтымды қолданыс ретінде қабылдаймыз. Себебі қазақ мәдениетінде *сері* сөзі танымал әрі түсінікті. Аудармашы мәтіннің түпнұсқасындағы ұлттық ерекшеліктерді сақтап, қазақ оқырманына жақын ұғымды таңдаған.

Келесі мысал: *...but the water bore her up, as if she sat in a **swing**, and she flew in the rocking waves to the shore on the opposite side, where there stood a mile-broad, strange house, one knew not if it were a mountain with forests and caverns, or if it were built up; but the poor mother could not see it; she had wept her eyes out* (Andersen, 1847) – *Көл әйелді іліп алды да, **алтыбақан** сияқты бір тербеткенде-ақ дік еткізін арғы бетке өткізді* (Құрманғали, 2009, б. 363). Ағылшын тіліндегі *swing* сөзінің тура мағынасы – *тербететін құрылғы*. Бірақ бұл сөз көбінесе жалпы тербеліс мағынасында қолданылады. Қазақ тіліндегі *әткеншек* те тура мағынада тербелетін құралды білдіреді, бірақ қазақ мәдениетінде әдетте балалардың ойнауы үшін қолданылатын қарапайым құрал ретінде түсініледі. Ал *алтыбақан* – қазақтың дәстүрлі, мәдени маңызы бар, үлкендер мен балалар бірге тербелетін құрал. *Алтыбақан* – қазақтың ежелгі ұлттық ойындарының бірі. Алтыбақан бұрынғы ауыл өмірінде жастардың кешкі уақытта бас қосып, халық аспаптарының сүйемелдеуімен ән салатын, айтысатын, әзіл, қалжың назды күлкісімен көпшілік болып көңіл көтеретін ойынауығы болған. «Бұл ойынды жылдың жылы мезгілдерінде ойнайды. Ертеректе ауыл тойларында, қыз ұзату немесе үйлену тойларында жастар үшін құрылатын болған. Алтыбақанға кезегі жеткен жігіт пен қыз түрегеп тұрып, ән бастаулары қажет, қалғандары алтыбақанды тербетіп, әнге қосылады. Осылайша, ойнаушылар кезек-кезек ауысып, ән жалғаса береді» (Жүсіпова, 2007, б. 104). Бұл сөздің өзі тек физикалық тербелісті ғана емес, қазақ мәдениетіндегі үлкен әлеуметтік, символикалық мәнді білдіреді. Мәтіндегі *көл әйелді іліп алды да, алтыбақан сияқты бір тербеткенде-ақ ...* деген жерді оқыған кезде, қазақ оқырманы үшін алтыбақан тек тербелетін құрал емес, оған қоса әйелдің ішкі күйінің, оның тербелісінің бейнесі болып табылады.

*The great white snails which **persons of quality** in former times made fricassees of, ate, and said, Hem, hem* (Andersen, 1847) – *Баяғыдан бері ұлу жемеген, сол себепті зәузімі тегіс қырылып қалған бір **шонжардың** ескі мекенжайы болатын* (Құрманғали, 2009, б. 357). *Persons of quality* сөзі ағылшын тілінен аударған кезде *жоғары тап өкілдері* немесе *қоғамның жоғары деңгейдегі адамдары* деп аударуға болады. Ал «Шонжар – еңбекші халықты қанап, үстемдік жүргізген би, болыс, байлар» (Қалиев, 2014, б. 492). Яғни, шонжар – дәстүрлі қазақ қоғамындағы жоғары билік иесі, бұрынғы заманғы үстем тап өкілі. Ағылшындықтардың түсінігі бойынша жоғары деңгейлі адам деген қоғамның жоғары таптары. Шонжарлар да қазақ ұғымында жоғары тап өкілдері болғандықтан аудармашы осы лексеманы қолданған ба дейміз.

*In the spring they pulled the house down, for, as people said, it was a **ruin*** (Andersen, 1847) – *Көктемде ескі үйді бұза бастады. Осынау **жұпыны итарқа** жұрттың бәріне көзіне шыққан сүйелдей көрінетін* (Құрманғали, 2009, б. 355). Ағылшын тіліндегі *ruin* сөзі үйдің күйреуі немесе оны пайдалану үшін жарамсыз жағдайға түсуі дегенді білдіреді. Бұл сөздің мағынасы арқылы бір нәрсенің құлауын, ескіріп қалғанын аңғаруға болады. Аудармада бұл сөз *итарқа* сөзімен алмастырылыпты. *Итарқа* сөзі қазақ тілінде көбінесе құлағалы тұрған, ескірген, пайдалануға жарамай қалған затты немесе үйді білдіру үшін қолданылады. Сондықтан бұл сөз қазақ оқырманына үйдің ескі, көзге оғаш көрінетін күйін жақсырақ түсінуіне мүмкіндік береді.

Аудармада *көзіне шыққан сүйелдей көрінетін* деген тіркес қосылған, бұл қазақ мәдениетіндегі жағымсыз бейнелеу тәсілін қолдану үшін жасалған. Мұнда

аудармашы үйдің жұпыны және көзге оғаш көрінетін күйін сипаттай отырып, суреттемені айқындай түскен. Қазақ оқырманының арасындағы жалпыхалықтық сипат алған тіркес арқылы көрініс қолайсыздығын нақты көрсеткен. Бұл дәл әрі түсінікті түрде аударылған, өйткені қазақ мәдениетінде сүйелдің сыртқы кемшілікті көрсететін символикалық мәні бар.

Келесі мысал: *A mother sat there with her little child* (Andersen, 1847) – *Анасы баласының бесігінің қасында отыр* (Құрманғали, 2009, б. 361). Ағылшын тіліндегі бұл сөйлем өте қарапайым және жалпы сипаттағы бір оқиғаны жеткізеді. Бұл жерде тек анасының кішкентай баласының жанында отырғаны туралы айтылған. Баланың нақты жас мөлшері туралы ақпарат жоқ. Аудармадағы *bесік* сөзі қазақ мәдениетіндегі бала тәрбиелеуге қатысты терең дәстүр мен ұғымды көрсетеді. Бұл жерде тәржімалаушы баланың кішкентай екендігін атамастан, деталь арқылы баланың жас ерекшелігін паш еткен.

As the old man trembled with cold, and the little child slept a moment, the mother went and poured some ale into a pot and set it on the stove, that it might be warm for him; the old man sat and rocked the cradle, and the mother sat down on a chair close by him, and looked at her little sick child that drew its breath so deep, and raised its little hand (Andersen, 1847) – *Қарттың суық өміні қалшылдап тұрғанын көрген ана, баласының қас қағымға қалғып кеткенін байқап, саптыаяққа сыра құйып алып, пештің үстіне қойып, қонағына жылытып беру үшін бесіктің қасынан тұрып кетті* (Құрманғали, 2009, б. 361). Ағылшын тіліндегі нұсқада *ale* (*сыра*) сөзі қолданылған. Бұл сөз әдетте алкогольді ішімдікті білдіреді, бірақ ол сусынның қандай да бір түрі болуы мүмкін, мысалы, ағылшындардың дәстүрлі сырасы. Қазақ тілінде «сыра» деп нақты алкогольдік ішімдік айтылады. Бұл контексте *сыраны* баланы жылыту мақсатында пештің үстінде қояды. Мүмкін, бұл аударма қазақ оқырманы үшін түсініксіз немесе күмән тудыруы мүмкін. Себебі *сыра* – көбінесе ересектер арасында тұтынатын ішімдік, ал баланың жанында қолдану – дәстүр бойынша орынсыз болып саналады. Сонымен қатар *сыраны саптыаяққа құю* – бұл аудармада сәтті шыққан деп айту қиын, себебі қазақ мәдениеті мен тұрмысында саптыаяқ әдетте сүт немесе су, қымыз сияқты сусындарға арналған ыдыс ретінде танылған, ал *сыра* алкогольдік сусын болып табылады. *Сыраны саптыаяққа құю* аудармасы қазақ мәдениеті мен тұрмысына қатысты дәстүрді толық аша алмайды. Әрі оны пештің үстіне қойып жылытуы да қабылданбайтын әрекет. Бұл аударма кемшілігі. Әсіресе қазақ оқырманының көзқарасына, яғни қазақтың дәстүрі бойынша аса үйлеспейтін жағдай ретінде қабыладауға болады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесін қорыта келе, ертегілерді қазақ тіліне аударудағы прагматикалық аспектінің тек тілдік сәйкестікке ғана емес, мәдени және эмоциялық үйлесімге де басымдық беруді талап ететін маңызды бағыт екенін аңғардық. Аудармашының тек мағынаны жеткізумен шектелмей, түпнұсқаның прагматикалық мәнін – яғни сөйлеу жағдаятын, мәдени реңкін, астарлы мағынасын сақтап қалуға тырысқан сәттері аударманың сәттілігін арттыратынын көрсетті. Зерттеуге алған ертегі аудармасында кездесетін прагматикалық трансформациялардың мәдени бейімделу нәтижелер мен талқылауларда сараланды.

Айта кету керек, А. Алдашева аудармашының интуитивті басқару жетегіне жүрмей, екі жақты өлшемге бағыну керектігін көрсеткен болатын: «оның бірі – түпнұсқаның коммуникативті-функционалдық белгілеріне нұсқан келтірмеу;

екіншісі – аударылатын мәтіннің эстетикалық-прагматикалық күш-қуатын түпнұсқадай төмендетпеу» (Алдашева, 2006, б. 230). Байқағанымыздай, аудармашы түпнұсқадағы мағынаны ішінара өзгерте отырып, мәтінді мақсатты аудитория үшін түсінікті, әсерлі жеткізе алған. Біз жинақтап талдаған мәтіндерде көрініс тапқан ертегілерді қазақ тіліне аударудағы сөздің қолданылуына қатысты прагматикалық жағы, яғни контекст пен коммуникативтік жағдайға байланысты қолданылған мағынасы талданды. Аудармашының мәдени бейімделудегі негізгі мақсаты мәтін қабылдаушының өз мәдениетіне сай танымын қолдану болған. Сол арқылы көркем мәтінді аударудағы тілдік, мәдени ерекшеліктерді ескерген. Прагматикалық трансформация тәсілі арқылы түпнұсқалық мағынаны сақтай отырып, оны мақсатты мәдени ортаға сәтті бейімдеген. Лингвистикалық сәйкестік қана емес, мәдени-коммуникативтік қызметі де ескерілген. Демек, прагматикалық трансформация мәдени бейімделу жүйесіндегі шешуші факторлардың бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Алдашева А. Аударматану. Алматы: Арда, 2006. 248 б.
- Аманбаева Г. Ю. Макрознак: структура, семантика, прагматика: автореферат дисс. ...докт. фил. наук. Алматы: КазНУ им. аль-Фараби, 2005. 40 с.
- Өлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматилистикасы. Алматы: ЗиятПресс, 2007. 244 б.
- Бархударов Л. Язык и перевод (Вопросы общей и частной теории перевода). Москва: Международные отношения, 1975. 240 б.
- Ерназарова З.Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері: фил. ғыл. док... дисс. авторефераты. Алматы: Тіл білімі институты, 2002. 53 б.
- Жақсыбаева Ф. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы: филол. ғыл. канд. ...дисс. Алматы, 2000. 153 б.
- Жақыпов Ж.А. Аударматануды аңдату. Алматы: InnoPRESS, 2004. 192 б.
- Жүсіпова Б. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: Көшпенділер, 2007. 160 б.
- Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. 728 б.
- Столнейкер Р. Прагматика. В Новое в зарубежной лингвистике. Москва: Прогресс, 1985. Вып.16.
- Тарақов Ә. Аударманың теориялық және прагматикалық мәселелері. Алматы: Қазақ университеті, 2016. 153 б.
- Турсынов Е. Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау. Астана: Фолиант, 1999. 248 с.
- Хамзин М. Қазақ прозасындағы сал-серілер бейнесі. Қарағанды: Типография Арко, 2016. 138 б.
- Bashirova, G. (2021). Text as pragmatic aspect. *International journal of innovative technologies in social science*, 4(32), 77–83. https://doi.org/10.31435/rsglobal_ijitss/30122021/7738
- Jivanyan, A. (2024). On Mediated Translations of Fairy Tale. In: *Translation Studies: Theory and Practice*, p. 37–47. <https://doi.org/10.46991/TSTP/2024.SI.2.037>
- Mukhtarullina, A., Issakova, S., Alimbek, G., & Issakova, A. (2024). The Pragmatic Aspect of Modality in the English Mass-Media Discourse. *World Journal of English Language*, 14(4), 322–327. <https://doi.org/10.5430/wjel.v14n4p322>
- Shadina, A. (2024). The transfer of a psychological state in artistic translation: the results of a sociological survey (based on the work of O. Wilde «Portrait of Dorian

Gray»). In: *International scientific and practical conference «Language. Culture. Translation: Intercultural Communication in the Digital Age»*, p. 106–113. URL: <https://bit.ly/3GRHt7j> (қаралған күні: 05.04.2025).

Қосымша дереккөздер

- Барри Дж. *Пумер Пэн*. Алматы: «Мазмұндама» қоғамдық қоры, 2022. 208 б.
 Құрманғали Қ. *Базарлық*. Алматы: Глобус, 2009. 400 б.
 Andersen, C. (1947). *The old house*. Retrieved 05 April 2025 from https://www.andersenstories.com/en/andersen_fairy-tales/the_old_house
 Andersen, C. (1847). *The story of a mother*. Retrieved 05 April 2025 from https://www.andersenstories.com/en/andersen_fairy-tales/the_story_of_a_mother
 Andersen, C. (1847). *The happy family*. Retrieved 05 April 2025 from https://www.andersenstories.com/en/andersen_fairy-tales/the_happy_family
 Barrie, J. (1991). *Peter Pan*. Retrieved 05 April 2025 from <https://www.gutenberg.org/files/16/16-h/16-h.htm>.

References

- Aldasheva, A. (2006). *Audarmatanu* [Translation studies]. Almaty: Arda. (in Kaz.).
 Alkebaeva, D. (2007). *Qazaq tilinin pragmatistikasy* [Pragmatics of the Kazakh language]. Almaty: ZiyatPress. (in Kaz.).
 Amanbaeva, G. (2005). *Makroznak: struktura, semantika, pragmatika: avtoreferat diss. ... dokt. fil. nauk* [Macro signs: structure, semantics, pragmatics: abstract of the dissertation. ... doct. philol. sciences]. Almaty: KazNU im. Al-Farabi. (in Kaz.).
 Barkhudarov, L. (1975). *Yazyk i perevod (Voprosy obshchey i chastnoy teorii perevoda)* [Language and translation (Issues of general and particular theory of translation)]. Moskva: Mezhdunarodnyye otnosheniya. (in Russ.).
 Bashirova, G. (2021). Text as pragmatic aspect. *International journal of innovative technologies in social science*, 4(32), 77–83. https://doi.org/10.31435/rsglobal_ijitss/30122021/7738
 Ernazarova, Z. (2002). *Qazaq soyleu tili sintaksistik birlikterinin pragmatikalyq negizderi: fil. gyl. dok. ... diss. avtoreferaty* [Pragmatic foundations of syntactic units of the Kazakh spoken language: abstract of the dissertation. ... doct. philol. sciences]. Almaty: Til bilimi instituty. (in Kaz.).
 Hamzin, M. (2016). *Qazaq prozasyndagy sal-seriler beinesi* [The image of the sal-seryars in kazakh prose]. Qaragandy: Tipografia Arko. (in Kaz.).
 Jaqsybaeva, F. (2000). *Gazet matninin pragmatikalyq funksiasy: filol. gyl. kand. ... diss.* [Pragmatic function of newspaper text: PhD in philology ...diss.]. Almaty. (in Kaz.).
 Jivanyan, A. (2024). On Mediated Translations of Fairy Tale. In: *Translation Studies: Theory and Practice*, p. 37–47. <https://doi.org/10.46991/TSTP/2024.SI.2.037>
 Mukhtarullina, A., Issakova, S., Alimbek, G., & Issakova, A. (2024). The Pragmatic Aspect of Modality in the English Mass-Media Discourse. *World Journal of English Language*, 14(4), 322–327. <https://doi.org/10.5430/wjel.v14n4p322>
 Shadina, A. (2024). The transfer of a psychological state in artistic translation: the results of a sociological survey (based on the work of O. Wilde «Portrait of Dorian Gray»). In: *International scientific and practical conference «Language. Culture. Translation: Intercultural Communication in the Digital Age»*, p. 106–113. Retrieved 05 April 2025 from <https://bit.ly/3GRHt7j>
 Taraqov, A. (2016). *Audarmanyn teorialyq jane pragmatikalyq maseleleri* [Theoretical

- and pragmatic problems of translation]. Almaty: Qazaq universiteti. (in Kaz.).
- Tursynov, E. (1999). *Vozniknovenie baksey, akynov, seri i zhyrau* [The emergence of baksey, akynov, seri and zhyrau]. Astana: Foliant. (in Russ.).
- Qaliev, B. (2014). *Qazaq tilinin tusindirme sozdigi* [Explanatory dictionary of the kazakh language]. Almaty: Memlekettik til di damytu instituty. (in Kaz.).
- Zhaqypov, Zh. (2004). *Audarmatanudy andatu* [Translation Studies]. Almaty: InnoPRESS. (in Kaz.).
- Zhysipova, B. (2007). *Qazaq halqynyn salt-dastyrleri* [Traditions and customs of the Kazakh people]. Almaty: Koshpendiler. (in Kaz.).

Sources

- Barri, J. (2022). *Piter Pan*. [Piter Pan]. Almaty: Mazmundama. (in Kaz.).
- Qurmangali, Q. (2009). *Bazarlyq*. [Gift]. Almaty: Globus. (in Kaz.).
- Andersen, C. (1947). *The old house*. Retrieved 05 April 2025 from https://www.andersenstories.com/en/andersen_fairy-tales/the_old_house
- Andersen, C. (1847). *The story of a mother*. Retrieved 05 April 2025 from https://www.andersenstories.com/en/andersen_fairy-tales/the_story_of_a_mother
- Anderson, C. (1847). *The happy family*. Retrieved 05 April 2025 from https://www.andersenstories.com/en/andersen_fairy-tales/the_happy_family
- Barrie, J. (1991). *Peter Pan*. Retrieved 05 April 2025 from <https://www.gutenberg.org/files/16/16-h/16-h.htm>.

Н. Ахтаева, А. Кабыкен

Маргулан университет

Павлодар, Казахстан

ПРАГМАТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ПЕРЕВОДА СКАЗОК НА КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

Аннотация. Статья уделяет внимание прагматическим аспектам перевода, в частности перевода сказок. Прагматика рассматривается как область, изучающая отношения между языком, его носителем и социальным контекстом. Учет прагматических аспектов в переводе имеет важное значение, так как перевод — это не только точная передача смысла слов, но и сохранение культурных, социальных и языковых особенностей. В статье рассматриваются вопросы восприятия перевода в зависимости от национальной культуры и ситуационного контекста. Особое внимание уделяется выбору слов в переводах на казахский язык и способам сохранения оригинального смысла сказки через передачу национальных особенностей. Авторы стремятся показать взаимосвязь между переводом и прагматикой. Подчеркивается значение культурной специфики сказок и позитивное отношение к их переводу с других языков. Прагматический подход в переводе выходит за рамки простого подбора лексических средств, акцентируя внимание на социальных и культурных аспектах. Также анализируется необходимость донесения исходного смысла до новой аудитории. Выводы статьи способствуют развитию переводческой теории с прагматической точки зрения и раскрывают связь между языком и культурой в сказках.

Ключевые слова: перевод, сказка, прагматика, речевой акт, языковой знак

N. Akhtaeva, A. Kabyken

Margulan University

Pavlodar, Kazakhstan

PRAGMATIC ASPECT OF TRANSLATING FAIRY TALES INTO THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract. The article focuses on the pragmatic aspects of translation, particularly the translation of fairy tales. Pragmatics is considered a field that studies the relationship between language, its speaker, and the social context. Taking pragmatic aspects into account in translation is of great importance, as translation involves not only the accurate rendering of word meanings but also the preservation of cultural, social, and linguistic features. The article examines issues related to the perception of translation depending on national culture and situational context. Particular attention is paid to word choice in translations into the Kazakh language and the ways of preserving the original meaning of fairy tales through the conveyance of national characteristics. The authors aim to highlight the connection between translation and pragmatics. The importance of the cultural specificity of fairy tales and the positive attitude toward their translation from other languages is emphasized. The pragmatic approach to translation goes beyond the mere selection of lexical means, placing emphasis on social and cultural aspects. The article also analyzes the necessity of conveying the original meaning to a new audience. Its conclusions contribute to the development of translation theory from a pragmatic perspective and reveal the connection between language and culture in fairy tales.

Keywords: translation, fairy tale, pragmatics, speech act, linguistic sign.

Авторлық үлестер

Ахтаева Н.Х. – тұжырымдама; формалды талдау; деректерге жетекшілік ету; қадағалау; тексеру.

Қабыкен А.А. – хат: бастапқы жоба; жобаны әкімшілендіру; ресурстар; әдіснама; бағдарламалық қамтамасыз ету; жазу – шолу және редакциялау.